



3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Англия сот жүйесінің ерекшеліктері





Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Англия сот жүйесінің ерекшеліктері

## Дәріс сабағының жоспары:

1. Англия мен Уэльстің сот жүйесі: негізгі буындар;
2. Біріккен Корольдіктің Жоғарғы Соты («Supreme Court of the United Kingdom»);
3. Англия мен Уэльстің жоғары деңгейлі соттары:
  - 3.1 Англия мен Уэльстің апелляциялық соты (Court of Appeal)
4. Төменгі Соттар (Subordinate courts):

## 1. АНГЛИЯ ЖӘНЕ УЭЛЬСТІҢ СОТ ЖҮЙЕСІ: НЕГІЗГІ БУЫНДАР

Ұлыбританияның сот юрисдикциялары:		
Англия және Уэльс	Шотландия	Солтүстік Ирландия
Англия мен Уэльстің ортақ сот жүйесі;	Англияға ұқсас қағидаларға негізделген, бірақ іс жүргізу құрылымы мен тәртібі бойынша ерекшеленетін өзінің сот жүйесіне ие;	Сот жүйесі Англияға ұқсас, дәл сондай сот органдарына ие, алайда олардың Англияның сот жүйесімен әкімшілік байланысы жоқ;

№	Англия мен Уэльстің сот жүйесінің ерекшеліктері:
1	бірыңғай біріздендірілген (унификацияланған) сот жүйесінің болмауы;
2	сот жүйесінің көп деңгейлілігі;
3	соттылықтың күрделі бөлінуі;
4	әр түрлі инстанциядағы соттар арасында істер ведомстволығының күрделі бөлінуі.

	Англия және Уэльс сот жүйесінің буындары:
1	Біріккен Корольдігінің Жоғарғы Соты («Supreme Court of the United Kingdom»);
2	Англия мен Уэльстің жоғары деңгейлі соттары («Senior Courts of England and Wales»);
3	Төменгі соттар («Subordinate courts»).

## 2 БІРІККЕН КОРОЛЬДІКТІҢ ЖОҒАРҒЫ СОТЫ

(«Supreme Court of the United Kingdom»)

**Жоғарғы Сот («Supreme Court»)** - соңғы сатыдағы сот және ең жоғары апелляциялық сот.

**Құрылған жылы:** 2009 жыл.

**Құрылу мақсаты:**

1. Сот және заң шығару билігінің нақтырақ бөлінуі;
2. Парламент пен соттар арасындағы қатынастарда ашықтықты арттыру;

Біріккен Корольдіктің (БК) Жоғарғы сотының апелляциялық юрисдикциясы

- жалпы мемлекеттік маңызы бар даулы мәселелер бойынша апелляциялық шағымдар;
- азаматтық істер бойынша барлық БК апелляциялық шағымдары;
- Қылмыстық істер бойынша Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландияның апелляциялық шағымдары.

Ескерту: БК Жоғарғы сотының апелляциялық юрисдикциясы Шотландияға таратылмайды:

- шотландық соттардың қылмыстық істер бойынша шешімдеріне апелляциялар тек Шотландия аумағындағы қылмыстық істер бойынша соңғы сот инстанциясы болып табылатын Шотландияның Жоғары Юстициарилер сотында (High Court of Justiciary) қаралады.



БК Жоғарғы Сотында апелляцияларды қарау шарттары

- апелляция беруге рұқсат тек істің жалпы мемлекеттік маңызы зор болған жағдайда ғана беріледі;
- іс 12 Жоғарғы Соттың Лорд-судьяларының 5, 7 немесе 9-ң қатысуымен тыңдалуға тиіс және олардың әрқайсысы өз шешімін шығарады әрі жалпы шешім бірауыздан немесе жай көпшілік дауыспен қабылданады;
- жоғарғы сотта қабылданған шешімдер төменгі сатыдағы барлық соттардың ұстануға міндетті прецеденттерге айналады.

БК Жоғарғы Соты және ЕО құқығы

1. БК Жоғарғы Соты Еуропалық Одақтың қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етуі тиіс және ішкі заңнаманы «мүмкіндігінше» соған сәйкес түсіндіруі керек;
2. БК Жоғарғы Соты Адам құқықтары туралы Еуропалық Конвенцияда көзделген құқықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге және Страсбургтегі Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың шешімдерін назарға алуға міндетті;
3. БК Жоғарғы Соты Еуропалық Одақтың заңнамасына қатысты барлық даулы мәселелер бойынша Люксембургтегі Еуропалық Одақтың Сотына жүгінуі тиіс;

### 3 АНГЛИЯ МЕН УЭЛЬСТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ СОТТАРЫ

Англия мен Уэльстің Жоғары деңгейлі соттары («Senior Courts of England and Wales») - Апелляциялық соттан, Сот төрелігінің Үлкен сотынан және Тәжі Сотынан тұратын сот органы.


Англия мен Уэльс жоғары деңгейлі соттарының құрамы:

1. Апелляциялық сот (Court of Appeal) – ресми аталымы: Англиядағы ұлы Мәртебелінің Апелляциялық соты;
2. Сот төрелігінің Үлкен соты (High Court of Justice) – ресми аталымы: Англиядағы ұлы Мәртебелінің Сот төрелігінің Үлкен соты;
3. Тәжі соты (Crown Court).

#### 3.1 Англия мен Уэльстің апелляциялық соты (Court of Appeal)

Англия мен Уэльстің сот жүйесіндегі жоғары деңгейлі соттар арасында ең жоғары орын алады.

Құрамы: апелляциялық істер бойынша 39 Лорд-судьядан тұрады



#### Англия мен Уэльс Апелляциялық сотының бөлімшелері



#### Апелляциялық соттың азаматтық бөлімшесі


- Азаматтық бөлімшенің төрағасы (сонымен бірге азаматтық сот төрелігі жүйесінің басшысы) - Бұрама қағаздарды сақтаушы (Master of the Rolls) – үлкендігі жағынан Англия мен Уэльс сот жүйесіндегі екінші жоғары судья.

#### Апелляциялық соттың қылмыстық бөлімшесі

- Қылмыстық бөлімшенің төрағасы (бір мезгілде қылмыстық сот төрелігі жүйесінің басшысы) - Лорд-бас судья (Lord Chief Justice). Ескертпе: 2005 жылғы Заң бойынша ол бұл лауазымға басқа судьяны тағайындай алады.

Апелляциялық соттың азаматтық бөлімшесінің юрисдикциясы

- азаматтық және отбасылық сот төрелігіне қатысты апелляцияларды қарайды;
- апелляциялар бойынша Үлкен соттың өтініштерін қарайды;
- кейбір жағдайларда графтық соттары мен арнайы трибуналдардың апелляцияларын қарастырады (мысалы, Жұмыспен қамту мәселелері бойынша апелляциялық трибунал сияқты).



Апелляциялық соттың қылмыстық бөлімшесінің юрисдикциясы:

1. Қылмыстық істер бойынша Тәжі сотының шешімдеріне апелляцияларды қарайды;
2. Бас прокурордың Тәжі сотымен қабылданған ақтап шыққан немесе тым жұмсақ үкімдерге апелляциялық ұсынымдары қарайды.

Істерді қарау кезінде апелляциялық соттың қылмыстық бөлімшесі алқасының құрамы: Лорд-судья және Үлкен Соттың екі судьясы.

Ерекшелігі: шешімдер тек бір ауыздан шығарылады; егер судьялардың біреуі басқалармен келіспесе, ол көпшіліктің еркіне көнеді және өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы емес.

### 3.2 Сот төрелігінің Үлкен Соты (High Court of Justice)

Сот төрелігінің Үлкен Соты - ең ауыр және күрделі азаматтық және отбасылық істер бойынша бірінші сатыдағы сот.

Үлкен Сотты Англия мен Уэльстің Апелляциялық сотының Қылмыстық бөлімшесі басшысы - Бас судья-Лорд басқарады.

Сот төрелігінің Үлкен Сотының шешімдеріне шағымдар Англия мен Уэльстің Апелляциялық сотына беріледі.



Сот төрелігінің Үлкен сотының құрамы:

1. Корольдік орындық бөлімшесі (Queen's Bench Division);
2. Отбасы істері жөніндегі бөлімше;
3. Канцлерлік бөлімше.

Сот төрелігінің Үлкен Сотының ерекшелігі: үш бөлім юрисдикциясы кейде ішінара қиылысуы мүмкін. Мұндай жағдайларда соттың шешімі бойынша бір бөлімшеде басталған істер басқа бөлімшеге берілуі мүмкін.

Сот төрелігінің Үлкен Сот бөлімшелері арасында істерді бөлу критерийлері:

- судьялардың мамандануы;
- процедура ерекшеліктері;
- әрбір бөлімшенің осы соттың құзыретіне кіретін кез келген істі қарауға теориялық мүмкіндігі.

### 3.2.1 Корольдік орындық бөлімшесі (Queen's Bench Division)

Сот төрелігінің Үлкен сотының үш бөлімшесінің ішіндегі ең үлкені және юрисдикцияға қатысты ең көп салалы болып саналады. Оны Корольдік орындық бөлімшесінің төрағасы басқарады.

Сот төрелігінің Үлкен сотының Корольдік орындығы бөлімшесінің юрисдикциясы

- жеке басқа зиян келтіру;
- міндеттерді орындамау немесе тиісінше орындамау;
- шарт талаптарын бұзу;
- 1998 жылғы Адам құқықтары туралы Заңды бұзу;
- жала жабу, қорлау және басқа да деликтілер;
- борыштар мен берешектерді өндіріп алу.

Сот төрелігі Үлкен сотының Корольдік орындығының бөлімшелері құрамына кіретін мамандандырылған соттар		
1	Адмиралтей соты	Барлық мамандандырылған соттардың ең көнесі. Теңіз құқығына байланысты істерді қарайды. «In rem» процедураларын қолдануға құқылы (яғни кемені және жүктерді тұтқындау әрі оларды Англия мен Уэльстің юрисдикциясымен сату).
2	Коммерциялық сот	Юрисдикциясы сақтандыру және қайта сақтандыру, банк және қаржы ісі, халықаралық несиелеу және инвестициялау, тауарларды тасымалдау және сауда мәселелеріне қолданылады. Судьялар коммерциялық дауларға арбитраж жүргізуге құқылы.
3	Техникалық және құрылыс соты	Пәндік юрисдикция: құрылыс, инженерлік және технологиялық даулардың барлық түрлері, сондай-ақ экология және қоршаған ортаны ластау саласындағы мәселелер. Британдық әрі шетелдік дауларды қарайды.
4	Әкімшілік сот	Үлкен Соттың «қадағалау юрисдикциясын» жүзеге асырады, яғни келесі органдар қызметінің заңдылығы мен сапасын бақылауға құқығы бар: <ul style="list-style-type: none"> <li>• орталық және жергілікті билік органдары;</li> <li>• реттеуші және тәртіптік органдар;</li> <li>• төмен тұрған соттар мен трибуналдар;</li> <li>• жария функцияларды жүзеге асыратын кез келген басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар.</li> </ul> <p>Азаматтық та, қылмыстық та юрисдикцияға ие. Егер Апелляциялық соттың қылмыстық бөлімшесінде істі қарау үшін екі немесе үш судьядан тұратын алқа қажет болса, Әкімшілік сот судьялары оған қатысады.</p>



5	Жоспарлау жөніндегі сот	<p>Әкімшілік соттың бөлігі. Пәндік юрисдикциясы: жоспарлауға байланысты істерге соттық қадағалау жүргізу және олардың заңдылығын тексеру, соның ішінде келесі мәселелер бойынша апелляциялар мен мәжбүрлеп орындату туралы өтініштер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жоспарлауға және әзірлеу жұмыстарына рұқсаттар;</li> <li>• жоспарлауды бақылап отыру;</li> <li>• мәжбүрлеп сатып алу;</li> <li>• жолдар мен магистральдарға субъектілер құқығы.</li> </ul>
---	-------------------------	---

### 3.2.2 Отбасы істері жөніндегі бөлімше (Family Division).

#### Төраға Басқарады.

Сот төрелігі Үлкен Сотының Отбасы істері жөніндегі бөлімшесінің пәндік юрисдикциясы

- ажырасу және отбасылық қатынастарға байланысты басқа да күрделі жағдайлар;
- балаларға, отбасылық мүлікке немесе ақшаға қатысты даулар;
- бала асырап алу, қорғаншылық және балаларға байланысты басқа да мәселелер.

### 3.2.3 Канцлерлік бөлімше (Chancery Division).

#### Үлкен Соттың канцлері басқарады (Chancellor of the High Court).

Сот төрелігі Үлкен Сотының

Канцлерлік бөлімшесінің пәндік юрисдикциясы

- корпоративтік құқық;
- траст құқығы;
- жылжымайтын мүлікке құқық;
- жер құқығы;
- даулы өсиеттер;
- патенттік және салық мәселелері.

Құрамына кіретін мамандандырылған соттар Сот төрелігі Жоғары сотының кеңсе бөлімі		
1	Зияткерлік меншік жөніндегі сот	Пәндік юрисдикциясы: зияткерлік меншікке қатысты мәселелер бойынша шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен жеке тұлғалардың дауларын шешу (негізінен патенттерге, сауда маркалары мен белгілеріне, дизайн мен авторлық құқыққа қатысты).
2	Патенттік Сот	Пәндік юрисдикция - патенттерге, тіркелген дизайнерларға, сауда маркаларына және зияткерлік меншікке қатысты талаптарды (зияткерлік меншік жөніндегі сотқа қарағанда күрделі және қымбат тұратын талаптарды) қарастырады. Патенттер, дизайн және тауар белгілері бойынша Бас бақылаушының шешімдеріне апелляцияларды қарайды.
3	Банкроттық істер жөніндегі сот	Пәндік юрисдикция - жеке тұлғалардың дәрменсіздігі.
4	Компаниялар істері жөніндегі сот	Пәндік юрисдикция: корпоративтік құқыққа, компаниялардың төлем қабілетсіздігіне қатысты мәселелер және компания директорларын қызметінен босату туралы өтініштер.

### 3.3 Тәжі соты (Crown Court)



Тәжі Сотының пәндік юрисдикциясы

- аса ауыр қылмыстарға қатысты істер (кісі өлтіру, зорлау, тонау және т.б.) - міндетті түрде алқабилердің қатысуымен;
- магистраттық соттардан берілген қылмыстық істер;
- төменгі сатыдағы соттардың үкімдері мен шешімдеріне апелляциялар (алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады).

Тәжі Сотының сот ісін жүргізудегі ерекшеліктері

- отырыстар орталықтары ірі қалаларда орналасқан округтер бойынша өткізіледі
- алқабилер сотының отырысы 12 алқабидің (кейде 10 немесе 11 алқабидің) қатысуымен судьяның төрағалық етуімен өткізіледі;
- алқабилер алқасының (қазылар алқасының) шешімі бірауыздан немесе көпшілік дауыспен қабылдануы мүмкін;
- алқабилер алқасының (жюри) шешімі судья үшін айыптау үкімін шығаруға негіз болып табылады;
- тәжі сотының шешімдеріне Апелляциялық соттың қылмыстық бөлімшесіне шағым келтіруге болады.

## 4 ТӨМЕНГІ СОТТАР (SUBORDINATE COURTS)

- 4.1 Графтықтар соттары (County Courts).
- 4.2 Отбасы істері жөніндегі сот (Family Court).
- 4.3 Магистраттық соттар (Magistrates Courts).
- 4.4 Арнайы соттар (Special Courts).
- 4.5 Трибуналдар қызметі (Tribunals Service).

### 4.1 Графтықтар соттары (County Courts)

Графтық соты тек азаматтық юрисдикцияға ие.

Төрағалықты кәсіби судьялар іске асырады.

Англиядағы мен Уэльстегі барлық азаматтық істердің 90% - дан астамы графтық соттарында қаралады және шешіледі.

Аса күрделі азаматтық істер (оның ішінде ақшаның ірі сомаларына байланысты істер). Сот төрелігінің Үлкен Сотына беріледі.

Графтық соттың пәндік юрисдикциясы:

- келісім-шарттар мен деликтерге (азаматтық құқық бұзушылықтарға), сондай-ақ жерге қатысты талап-арыздарға байланысты істер.
- кейбір соттар банкроттық мәселелерін, сондай-ақ өсиеттер мен трасттарға байланысты істерді қарастыра алады (егер 2010 жылғы Әділдік құқығы туралы Заңға сәйкес трасттың қордың не мүліктің құны 30 000 фунт стерлингтен аспайтын болса).

Графтық сотында іс жүргізу ерекшеліктері

- істерді тыңдалуы алқабилердің қатысуынсыз жүреді (кейбір жағдайлардан басқа, мысалы, полицияға қарсы азаматтық талап-арыздар). Судьялар істі толығымен дербес қарайды;
- округтік сотта отырыстарды аудандық не округтік судьялар басқарады;
- округтік судьялар құны 15 000 фунт стерлингтен асатын не маңызды мәні бар немесе күрделі істерді қарайды;
- графтық сотының шешімдері әдетте берешекті өтеуді немесе ақшаны немесе мүлікті қайтаруды көздейді (шешімді орындамағаны үшін қамауға алу және соттық қудалау қарастырылған).

### 4.2 Отбасы істері жөніндегі сот (Family Court)

Құрылған уақыты: 2014 жылдың сәуір айында 2013 жылғы Соттар мен қылмыстар туралы Заңның негізінде құрылған.

Ерекшелігі: Англия мен Уэльс сот жүйесінің тарихында алғаш рет отбасылық сот жүйесінің барлық



деңгейдегі судьялары бір сотқа шоғырландырылды (сондай-ақ магистраттар, аймақтық және округтік графтық соттар, Жоғарғы Соттың отбасы істері жөніндегі бөлімшесінің судьялары).

Отбасы істері жөніндегі соттың артықшылығы: әр түрлі соттар арасында істерді беруге жұмсалатын уақыт пен ресурстардың едәуір қысқаруы.

### 4.3 Магистраттық сот (Magistrates Court)

Магистраттық сот - қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сот.

Магистраттық сотта іс жүргізу ерекшеліктері:

- істерді 2-3 магистраттан тұратын алқа не аудандық соттың бір судьясы қарайды;
- аса ауыр қылмыстар бойынша істер алдын ала тыңдалғаннан кейін магистраттық соттардан Тәжі сотына беріледі;
- азаматтық істердің кейбір түрлері, оның ішінде отбасылық мәселелерге қатысты істер қаралуы мүмкін;
- азаматтық істер бойынша шешімдерге қарсы графтық соттарға шағым жасауға болады.

Магистраттық соттардың қылмыстық істер бойынша пәндік юрисдикциясы

1. Жиынтық іс жүргізу тәртібімен қудаланатын қылмыстардың ауыр емес жағдайлары (жол қозғалысы ережелерін бұзу және айыпталушы алқабилер сотына талаптана алмайтын ұсақ бұзақылық).
2. «Аралық санаттағы» қылмыстар: магистраттық немесе Тәжі сотында қаралуы мүмкін (мысалы, ұрлау және ұрланған заттарды сату). Жауапкер ісінің Корольдік Сотта (Тәжі Сотында) қаралуын талап ету құқығына ие.
3. Тек айыптау актісі бойынша қудалауға жататын қылмыстар бірден Тәжі сотына берілуге тиіс (кісі өлтіру, зорлау, тонау).

### 4.4 Арнайы соттар (Special Courts)

Англия мен Уэльстің арнайы соттары:		
1	Коронерлік соттар	<p>Пәндік юрисдикция:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• кенеттен, зорлықпен немесе табиғи емес өлімдерді тергеу. Коронер алқабилермен бірге қайтыс болуды тіркеу үшін қажетті барлық мәліметтерді анықтауға тиіс (алқабилердің қатысуымен анықтау барлық тергеулердің тек 2% -ын құрайды).</li> <li>• анықтау жүргізу (inquest), яғни өлім жағдайларын алдын ала (сотқа дейінгі) тергеу (өлім жағдайларын қарау және өлім себебі туралы қорытынды шығару).</li> </ul>
2	Әскери сот (2006 жылғы Қарулы күштер туралы Заңның негізінде бұрын қатар болған үш жүйенің орнына құрылған).	<p>Пәндік юрисдикция:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әскери бөлімдерде жұмыс істейтін әскери қызметшілер мен әскери емес тұлғалардың қылмыстық істерін қарайды. Юрисдикция Ұлыбритания аумағына ғана емес, сондай-ақ Қарулы күштері бар әлемнің кез келген жеріне таратылады.</li> <li>• кінәлілік туралы мәселені шешу үшін офицерлік құрам өкілдерінен тұратын алқабилер комиссиясы жиналады;</li> <li>• сот талқылауына басшылық жасайтын және барлық туындаған заң мәселелері бойынша кеңес беретін тәуелсіз азаматтық судьяның, адвокат-судьясының қатысуы міндетті.</li> </ul>

### 4.5 Трибуналдар қызметі (Tribunals Service)

Трибуналдар — ағылшын сот жүйесінің мамандандырылған бөлігі. Трибуналдар — жеке тұлғалар (жеке ұйымдар) мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды шешу үшін Парламентпен құрылған тәуелсіз сот органдары. Соттармен салыстырғанда жеңілдетілген және формальдылығы төмендеу рәсімдермен ерекшеленеді.





Англия мен Уэльстің кейбір ең маңызды трибуналдары

- ауыл шаруашылығы жерлері бойынша;
- еңбек қызметі бойынша;
- баспана және иммиграция беру бойынша;
- психикалық денсаулық мәселелері бойынша;
- жеке тұлғалар мен компаниялардың салық жауапкершілігі бойынша;
- басқа трибуналдар (барлығы 100 жуық трибунал).

Англия мен Уэльстің трибуналдар жүйесінің деңгейлері (2007 жылғы Трибуналдар, соттар және сот шешімдерін орындау туралы Заңға сәйкес)

1. Бірінші сатылы Трибунал (First-Tier Tribunal);
2. Жоғарғы трибунал (Upper Tier Tribunal).

**Ерекшелігі:** Еңбек даулары бойынша Трибунал трибуналдардың ортақ жүйесіне кірмейді. Бұл трибуналдың шешіміне апелляциялар Жоғарғы трибуналға емес, Еңбек даулары бойынша апелляциялық трибуналға беріледі. Бұдан әрі бұл апелляциялар Апелляциялық сотқа берілуі мүмкін.

Трибуналдар қызметінің ерекшеліктері

1. Соттардан бөлек, жеке әкімшілік аппаратының болуы;
2. Трибуналдар «панельдерден» тұрады, оның құрамына трибунал судьясы (заңдық біліктілігі бар) және трибунал мүшелері – әр түрлі мамандық иелері кіреді (медицина, бухгалтерлік есеп және т.б.);
3. Панельдер тараптардың пікірлері мен куәлардың айғақтарын тыңдайды. Әдетте заңдық біліктілігі жоқ мамандар қатарынан тағайындалған трибунал мүшелері трибуналдың шешімдеріне тең қатысады, бірақ құқық мәселелері бойынша олар төрағадан кеңес алады.

Бірінші сатыдағы трибуналдың ерекшеліктері

- көпшілік трибуналдардың әкімшілігін біріктіретін жалпы құрылым;
- 7 секцияға (палаталарға) бөлінеді, онда трибуналдар өз қызмет саласына сәйкес топтастырылады. Әрбір палатаны Төраға басқарады;
- үкіметтік ведомстволар мен басқа да мемлекеттік органдардың шешімдеріне шағымдарды қарайды.

### Жоғарғы трибуналдың ерекшеліктері

Құрамы - 4 палата

- бірінші сатыдағы трибуналға «жоғары сот инстанциясы» ретінде әрекет етеді;
- бірінші инстанция трибуналы шешімдеріне құқық мәселелері бойынша апелляцияларды қарайды (яғни құқықтық қағидатты немесе статутты түсіндіруге қатысты);
- бұдан әрі апелляциялар (рұқсат алынғаннан кейін) Апелляциялық сотқа берілуі мүмкін.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Михайлов А.М. «Сравнительное правоведение: судебная власть в правовой системе Англии». Учебное пособие. - М.: Издательство Юрайт, 2019. – 355 с.